



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Кітап оқу мен кітапханаларды қолдау – қоғам дамуының басты міндеттерінің бірі. Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында «Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық жобасына сәйкес, 2021 жылдың 29-шы шілдесі күні Нұра ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер

Мәдениет ошақтарында Сыйға тарту - игі іс

– Қарағанды, ТЭФФИ. – 2002. – 176 бет. Махмет Темірұлының бұл кітабына әр жылда жазылған өлеңдері мен толғау, дастандары кірген. Оқырманның отансүйгіштік рухын көтере түсетін кітап.

Талжанов С. Үш томдық шығармалар жинағы. I том. / Құраст. Е.Қажыбек. – Астана, Ер-Дәулет. – 2007. – 400 бет. Филология ғылымдарының докторы, аудармашы Сәйділ Талжановтың туғанына 100 толуына орай жарық көрген үш томдық шығармалар



басқармасының қызметкерлері керемет кітап сыйлықтарымен бізді қуантты. Өте жақсы күйінде, әртүрлі тақырыптарды қамтитын 30-дан астам әдебиеттер кітапхана төрінен орын алды.

Аудандық орталық кітапхана ұжымы мен оқырмандар атынан кітаптарын сыйға тартқан жерлестерімізге алғысымызды білдіреміз.

Сыйға тартылған кітаптар коллекциясында қазақ әдебиеті классиктері мен қазіргі кездегі танымал авторлардың шығармалары және өлкетану әдебиеттері бар.

Атап айтсақ:

Тоқа тұлғалары.- Қарағанды, «Болашақ-Баспа». - 2012.- 342 б. Бұл кітаптан Тоқа баба шаңырағынан шыққан әйгілі адамдар мен құрмет тұтқан ата-бабалар туралы мәлімет ала аласыздар. Сондай-ақ, олардан тараған ұрпақтары туралы сөз қозғала отырып, қоспасыз, шынайы түрде баяндалған. Ахметова Б./Б.Ахметова. Нұра саңлақтары. – Қарағанды, «TENGRİ LTD». – 2015. - 170 бет. Нұралық танымал қаламгер Бикен Ахметованың алғашқы жинағы. Туындыда Нұра аймағының майдангерлері мен еңбек мұраталмандары, ауданның тыныс-тіршілігі жайында жан-жақты баяндалған.

Темірұлы М. Қуан,қазақ, азаттық алғаныңа.

жинағының III томына «Ұдай кегі» мен «Сейфуланың Сәкені» атты хикаяттары енгізілген.

4.Талжанов С. Үш томдық шығармалар жинағы. II том. / Құраст. Е.Қажыбек. – Астана, Ер-Дәулет. – 2008. – 400 бет. Екінші томға тіл мен әдебиет және аударманың теориясы жайындағы зерттеулері, сондай-ақ, бағзы заманның даналығынан сыр шертетін, дүние жүзіне кең тараған «Кәлилә мен Димнә» атты көне үнді ертегісі енгізілген.

Талжанов С. Үш томдық шығармалар жинағы. III том. / Құраст. Е.Қажыбек. – Астана, Ер-Дәулет. – 2007. – 368 бет. Бұл томына қаламгердің қазақ әдебиеті жайлы зерттеу еңбектері, ой-толғаныстары, сын мақалалары, естелік әңгімелері енгізілген. Және тағы да басқалары.

Құрметті оқырмандар! Сіздерді 6-шы тамыздан бастап Абонемент бөліміндегі сыйға тартылған кітаптармен танысуға шақырамыз.

Егер үйлеріңізде жақсы күйде сақталған кітаптар болса, оларға екінші өмір сыйлауларыңызға болады! Біздің кітапхана оларды ризашылықпен қабылдайды.

С.Мұстафина
Орталық аудандық кітапхана